

ҚАЗАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ.
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТІК
ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ.

Тақырыбы: Қазақстандағы 1986 жылғы
Желтоқсан қозғалысы және оның тарихи
маңызы.

Тексерген: *Абдрахманова К. Ж.*

Орындаған: *Қонақбаева Л.Н.*

Қарағанды 2010 ж.

ЖОСПАР:

- 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің басталуы.
- Желтоқсан көтерілісінің маңызы.
- «Желтоқсан желі ызғарлы...»
- Желтоқсан құрбандары.
- Желтоқсан қозғалысын зерттеушілер.



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ БАСТАЛУ СЕБЕБІ.

1986 жылғы желтоқсан көтерілісі.

1986 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан компартиясы ОК Пленумы өтті, ОК Бірінші хатшысы Д.А.Қонаев қызметінен босап, орнына осыған дейін Ульяновск облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Г.В. Колбин қойылды.

Қазақстанды басқару тағы да бұрынғы әдіс бойынша шешілген еді. Бірақ бұл жолы жергілікті халық оған көнген жоқ. Қарсылықты қазақ жастары бастады.





Желтоқсанның 17 ертеңгісін партияның ОК орналасқан алаңға жастар жиналды. Демонстрацияны жергілікті халық оған көнген жоқ. Қарсылықты қазақ жастары бастады.





ОҚИҒАҒА ҚАТЫСҚАНДАРДЫ САЯСИ
ТҰРҒЫДАН ҚУҒЫНДАУ БАСТАЛДЫ. 99
АДАМ СОТТАЛДЫ, 264 СТУДЕНТ
ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛДЫ. 1987 Ж.
ЖАЗДА КОКП ОК ҚАУЛЫСЫ ШЫҒЫП,
ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ
БАҒАЛАНДЫ. ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ
ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ӨМІРІН
ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУҒА СЕРПІН
БЕРДІ.





1986 жылғы желтоқсан оқиғасының адамзат тарихындағы өзге оқиғалардан ерекшелігі — бұл көтеріліс ықпалының тек Қазақстанға ғана емес, тіпті Қазақстаннан басқа көптеген өзге елдерде ұлы өзгерістердің басталуына жол ашты. Отаршылдық, әміршіл-әкімшілдік жүйеге қарсы Қазақстаннан бастау алған күрес көп кешікпей-ақ Балтық бойы, Кавказ, Шығыс елдерін оятты.



ЖЕЛТОҚСАН ҚИНАРМАҢДАРЫ ӨЗДЕРІН ЖАТШАЙ СОҚҚЫҒА ЖЫҒЫП, ҚАҚАҒАН АЯЗДА МҰЗДАЙ СУ ШАШҚАНЫНА, ӨЗДЕРІНЕ ҚАРСЫ ИТТЕР, БТР-ЛЕР, САПЕР КҮРЕКТЕРІ МЕН ШОҚПАРЛАРМЕН ҚАРУЛАНҒАН МИЛИЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕ ОТРЯДТАРЫН, АРНАУЛЫ ӘСКЕРЛЕРДІҢ КУРСАНТТАРЫ МЕН СОЛДАТТАРЫН АЙДАП САЛҒАНЫНА, СОНДАЙ-АҚ, “БЕЙБІТ ЖАСАҚТАР” ДЕЙТІНДЕРДІҢ ТЕМІР СЫММЕН, АРМАТУРАМЕН СОҚҚЫНЫҢ АСТЫНА АЛҒАНЫНА, ЖАППАЙ ТҰТҚЫНДАУҒА ҚАРАМАСТАН, БІРНЕШЕ КҮН БОЙЫНА БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДА БІР ЖЕРДЕ АШЫҚ, БІР ЖЕРДЕ ЖАСЫРЫН ТҮРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ЕРКІ МЕН МҰҢ-ҚАЙҒЫСЫН ЖАНЫНА ЖАЛАУ ЕТПІ, РЕСПУБЛИКАНЫҢ ДЕРБЕСТІГІНЕ, ЕРКІНДІГІНЕ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТІ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРДІ. ОЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫН, БОЛАШАҒЫН, ТІПТІ ӨМІРІН ДЕ ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛДЫ! СОЛ КЕЗДЕГІ ҚЫЗДАРЫМЫЗДЫҢ ЕРЛІГІ МЕН БАТЫРЛЫҒЫ ЕЛ ІШІНДЕ АҢЫЗҒА АЙНАЛДЫ. ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ОЗЫҚ ОЙЛЫ БӨЛІГІН БІЗ ОЛАРДЫ НЕГЕ МАҚТАН ЕТПЕЙМІЗ, БҮГІНГІ ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРГЕ ОЛАРДЫ НЕГЕ ҮЛГІ ЕТПЕЙМІЗ? ДЕГЕН СҰРАҚТАР АЛАҢДАТАДЫ.



БІЗ АЛМАТЫ, ЦЕЛИНОГРАД, АРҚАЛЫҚ, АҚТӨБЕ, ЖАМБЫЛ, ЖЕЗҚАЗҒАН, ҚАРАҒАНДЫ, КӨКШЕТАУ, ПАВЛОДАР, ӨСКЕМЕН, ТАЛДЫҚОРҒАН, ШЫМКЕНТ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРЫП ЖАТҚАН ОРЫС ҰЛТЫНЫҢ НЕМЕСЕ БАСҚА ДА ҰЛТТАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАРСЫ КӨТЕРІЛМЕГЕНІНЕ КӘМІЛ СЕНЕМІЗ. ОЛАР САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІК ҮШІН КӨТЕРІЛІСКЕ ШЫҚТЫ ЖӘНЕ ТУҒАН ЕЛІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАМЫСЫН, ЕРКІНДІГІ МЕН ЕГЕМЕНДІГІН ҚОРҒАУДЫ МАҚСАТ ТҰТТЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАҒЫЗ ПАТРИОТТАРЫ, ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ Н. К. ФОКИНА, И. Г. ДАУРАНОВ СИЯҚТЫ ОРЫСТАР ЖӘНЕ СОЛ СИЯҚТЫ БАСҚА ДА КӨПТЕГЕН АДАМДАР КӨТЕРІЛІСШІЛЕР ЖАҒЫНА ШЫҚТЫ



. ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚА ТАРТЫЛЫП, КОМСОМОЛДЫҚ-ПАРТИЯЛЫҚ ШАРА ҚОЛДАНЫЛҒАНДАР, ОҚУ ОРЫНДАРЫНАН, ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРЫЛҒАНДАР, СОҚҚЫҒА ЖЫҒЫЛҒАНДАР, ТҰРЫП ЖАТҚАН ЖЕРІНЕН КӨШІРІЛГЕНДЕР АРАСЫНДА БАСҚА ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ ДЕ БОЛДЫ. ҚАЙТЫС БОЛҒАН Е. СПАТАЕВ, С. САВИЦКИЙ, Л. АСАНОВА ЖӘНЕ БАСҚАЛАР, СОНДАЙ-АҚ, ЖАРАҚАТ АЛҒАН МИЛИЦИОНЕРЛЕР МЕН СОЛДАТТАР БАРРИКАДАНЫҢ ҚАЙ ЖАҒЫНДА ЖҮРГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН, ОЛАР ДА СОЛ КЕЗДЕГІ ПАРТИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ СОЛАҚАЙ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛДЫ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫНДА БҰЛТАРТПАС ДӘЛЕЛДЕР БАР.





Қайрат
Рысқұлбеков
Алматы
архитектура
құрылыс
институтының
студенті. 1988 ж
КСРО Жоғары
кеңесі оған
берген
жазасын 20
жыл бас
бостандығына
н айыру
жазасымен
ауыстырылды.
1988 ж
мамырда
қайтыс
болды. 1996 ж
9 желтоқсанда
Халық
қаһарманы
атағы берілді.

ЛӘЗЗАТ АСАНОВА – ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНЫ.







Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ:

... Күрделі
кезеңнің
күйбеңімен
жүріп,
1986 жылғы
желтоқсан
оқиғасының
тарихи
маңызын толық
дәрежеде
бағалап
үлгерген
жоқпыз



ЖЕЛТОҚСАННЫҢ КУӘГЕРІ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕП, «ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕЛТОҚСАНЫ» АТТЫ КІТАП ЖАЗҒАН ҚАЙЫМ-МҰНАР ТАБЕЕВТИҢ ПІКІРІНШЕ, 1986 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАНДА АЛАҢҒА ШЫҚҚАН ЖАСТАР БІЛІК ҮШІН ТАЛАСҚАН ЖОҚ. АЛ БІРАҚ ОЛАРДЫ ЖАЗАЛАУ ҮШІН, ҚҰРАМЫНА ПАРТИЯ, МИЛИЦИЯ, ТҮРЛІ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ЕНГЕН 128 АРНАЙЫ ТОП ҚҰРЫЛҒАН.

БЕЛГІЛІ ПУБЛИЦИСТ ҚАЙЫМ-МҰНАР ТАБЕЕВ – ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ЖАЙЫНДА ЕҢ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАҒАН ҚАЛАМҒЕРЛЕРДІҢ БІРІ. ОЛ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДЫ ОҚИҒА ЕМЕС, КӨТЕРІЛІС ДЕГЕН ДҰРЫС ДЕП АТАП КӨРСЕТЕДІ.





ҚОРЫТЫНДЫ:

- Әр халықтың тарихында өзінің ұлттық ар-намысын, құқықтары мен мүддесін қорғап қалуға, өзіндік бет-бейнесін, егемен ел болуға лайық екендігін көрсетуге ұмтылатын сын сағаттар болады. Егер ұлт уақыт талабына үн қата алмаса, онда оның болашағы бұлыңғыр болмақ. Ал егер, халық басына түскен мұндай сынақтан сүрінбей өтсе, басқа халықтардың тарихы көрсеткендей, бұл сәт, бұл оқиға осы халықтың тағдырында тарихи оқиға болып қалады.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

